



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің
85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана 17 наурыз 2023 жыл

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: Сыдықов Е.Б.

Редакция алқасы: А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәлиұлы (жауапты шығарушы),
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

Алауыз түбі – ыдырау [1, 141], – деп ақынның халық арасында белең алған алауыздықтың жайын айтады. Алауыздықтың түбі ыдырау екенін айтып, шындық үшін жанталастың үнемі болатын күрес екенін айтады.

Сонымен, халық мирасын өнеге етіп, қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлесін қосқан Сарышолоқ Боранбайұлы шығармашылығы «зар заман» әдебиетіне тән белгілерін барын отаршылдық жайындағы өлеңдерінен көреміз. Әрі табиғат лирикасы мен әлеуметтік жағдай, философиялық өлеңдері өзекті тақырыптарды көтереді. Табиғат лирикасында Кіші жүздің табиғатын суреттеп қоймай, олардың тату кезін еске түсіреді. Әлеуметтік жағдай мен философиялық өлеңдері отаршылдыққа байланысты, соның себебінен туындаған зардаптарын қозғап өтеді. Қорытындылар болсақ, Сарышолоқ ақын өз заманының жағдайын терең түсініп, өткенді жырлап, болашақты болжаған болатын. Солай, ақын шығармаларындағы окказионал қолданыстар арқылы жырлардағы автордың өзі тудырған тіркестерінің шығармаға қаншалықты өң бергенін көреміз. Осы негізде, шайыр шығармашылығының көркемділігі, маңыздылығы анық көрінеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Боранбайұлы С. Азаттық еді аңсаған: Таңдамалы шығармалар. -Алматы: «Ел-шежіре», 2006. – 264 б.
2. Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті: Монография. -Астана: Елорда, 2005. – 372 б.
3. Дәуітов С. Заман және зар. Егемен Қазақстан, 1994. 17 қыркүйек.
4. Бейсенбай А. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар. Филология ғыл. кандидаты. дисс. авторефераты. -Алматы, 2008. - 29 б.
5. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст. Қалиев Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш., Үдербаев А. және т.б. -Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 824 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. Құраст. Әшімбаева Н., Рысбергенова Қ., Манкеева Ж. және т.б. -Алматы, 2011. - 752 б.
7. Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. Алматы: «Өнер» баспасы, 2011.- 480 б.
8. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.94. Түс жору және ырымдар. -Астана: «Фолиант», 2013. - 432 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том. Құраст. Күдерина Қ., Жұбаева О., Жолшаева М. және т.б. -Алматы, 2011. - 744 б.

ӘОЖ 811.512.122

СӨЙЛЕУ ҚҰБЫЛЫСЫНДАҒЫ МОДАЛДІЛІК МӘННІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСТАРЫ

*СЫЗДЫҚОВА Г.О.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология
ғылымдарының докторы
БАЙЖАНОВА. Н.А.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, докторант,
Астана, Қазақстан*

Лингвистика әлемі жалқылаудан гөрі, басқа ғылымдармен байланыстыра қарауды қажет етеді. Бұған тілдік бірліктердің қолданылу мақсаты, қызметі, табиғаты еріксіз апарады. Өйткені

грамматикалық құрылымдар коммуникативтік қарым-қатынасты жалаң сипаттамайды, олар – сөйлеудің жанды көрінісін, субъекті көзқарасының астарын, адамдар арасындағы әрекеттің психологиялық, эмоциялық қырын жеткізуге тірек болатын, көп функциялы қызметімен дараланатын күрделі қолданыстар. Осындай ауқымды мақсаттарды жүзеге асыратын грамматикалық құрылымдардың жұмсалудың, модалді реңкін ажыратуға келгенде, көп қиындықтарға кездесеміз. Біріншіден, құрылымдық синтаксис деңгейінде талдауға бой алдырсақ (бұл бағытта тілдік бірліктердің қызметін жалқылап қарау басым), екіншіден, тек лингвистика шеңберінде салыстырып, экстралингвистикалық факторлардың әсерін ескерусіз қалдырамыз.

Дегенмен сөйлеу тілін жанды құбылыс деп қабылдасақ, кез-келген грамматикалық қолданыстың қалыптасуын, жұмсалудың мақсатын, ішкі құрылымдық сабақтастығын лингвистикалық заңдылықтармен ғана түсіндірмей, экстралингвистикалық себептермен де байланысты қарауға тиіспіз. Себебі кейбір грамматикалық заңдылықтардың табиғатын тереңдеп түсіну үшін, субъектінің ақпаратты жеткізудегі немесе қабылдаудағы эмоция-психологиялық жағдайымен ұштастыра қарауға тура келеді. Өйткені субъекті сөйлеу актісін жүзеге асыруда белгілі бір эмоциялық, психологиялық жағдайға бағына қозғалады.

Сыртқы факторлардың әсері бір синтаксистік бірлікке бірнеше коммуникативтік мақсатты өтейтін сипат үстейді, демек олардың қызметі тілдік емес факторлардың ықпалынан да қозғалмалы болады. Мәселен, төмендегі мысалда берілген «*Бүгін еркектердің бәрі мәдениет сарайында ашылып жатқан жиналыста...*» хабарлы сөйлемін тек жағдаят астарымен қабылдасақ ғана, күдікті модалді мәніне тірек болған грамматикалық қызметін нақтылаймыз. Егер сөйлемді контекстен, ондағы жағдаяттан алшақтатып, дербес қолданысына ғана мән берсек, астарлы модалді реңкіне назар аудармас едік. Бұл құрылымды бүтіннің қажет бөлігі, ақпараттың мазмұнын айқындауға қажет бөлшек деп бағаласақ, нақты қызметі толығымен түседі. [1,496]. Мысалы: *Естайдың кейінгі екі жыл ішінде сөзге келіп тұрғаны осы...*

- *Айтпақшы, Нұрбек ағайдың халі қалай? Ол кісі көрінбейді ғой, - деді Естай.*

- *Ағаң аман-есен... Көктемде Ергеиті жаққа «төменге түсіп» кетіп еді, жақында қайта шақырып алды. Бүгін еркектердің бәрі мәдениет сарайында ашылып жатқан жиналыста...* (Қ. Жұмаділов). Көркем шығармада ішкі құдалаудың әсерінен саяси құрбандыққа ұшырап жатқан зиялы қауымның өміріндегі сан қиындықтар суреттеліп, өкіметтің әр қозғалысынан күдіктенетін субъекті көзқарасы суреттелген. Кейіпкер тілімен жеткізілген хабардың астарында қорқу эмоциясымен астарласқан күдіктену модалді реңкі орын алған. Бұдан сыртқы факторлардың синтаксистік құрылым бойынан көрініс беретін модалді мәнді нақтылауда елеулі рөлі бар деп түйіндеуге болады.

Сөйлеуде көрініс беретін модалді мәнің астарын талдауда, психолінгвистикалық бағыттың әсеріне назар аудару қажеттілігі туындайды. Өйткені психолінгвистиканың зерттеу нысаны – сөйлеу әрекеті және оның қалыптасу ерекшелігі. Ғылыми еңбектерге сүйеніп, модалділік категориясының психолінгвистикалық сипатын есепке алып, мәтіндегі жағдаяттарға мән бере қараудан контекстегі синтаксистік бірліктердің жұмсалудың мақсатын дәл айқындауға қол жеткіземіз. Бұл жағдайда психолінгвистикалық салыстырулар бүткіл шығарма деңгейіндегі жағдаяттық, әлеуметтік, қарым-қатынастық жағдайды есепке ала отырып сипаттауды қажет етеді. Өйткені сөйлеу, оның құрылымы – күрделі грамматикалық байланыстан, бір-біріне тәуелді мағыналық-құрылымдық байлаулардан тұратын, қозғалмалы функционалды жүйесі бар құбылыс. Модалді реңк үстеуші грамматикалық құрылымдарды психолінгвистикалық бағыттың ізімен талдасақ, сөйлемдер, контекстарлық мағыналық, құрылымдық, әсіресе, жағдаяттық байланысқа тереңірек мән береміз. Өйткені психолінгвистикалық бағытта контекстің өзі сөйлеуді қалыптастыратын тілдік бірлік ретінде қаралып, текст пен текстің аралық байланысына, жағдаятқа сәйкес әрбір тілдік бірліктің жұмсалудың мақсатына ерекше көңіл

бөлінеді. Психолінгвистика берілген ақпараттың модалділігін ажыратуды жағдаяттық астармен қабылдауды негізге алады. Сондықтан модалді бірліктерді жалқылай талдамай, сөйлеу әрекетінің бағытына, мақсатына сәйкес қызметтік бағытын біріктіре, тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Психолінгвистикалық бағыт бойынша талдасақ, жағдаятты бірінші орынға, ал соған сәйкес грамматикалық бірліктің түрлену қызметін екінші орынға қоямыз.

Ал сөйлеу әрекетінде ақпаратты сыртқа шығарып, оның қабылдануы – бірнеше сатылық деңгейде жүзеге асатын, күрделі құбылыс. Бұл тұста сөйлеушінің ақпаратты сыртқа шығаруы, ішкі интенциясы, екінші субъекті тарапынан ол ақпараттың қабылдануы, өзіндік көзқарасы, қорытуы қатар ескеріліп отырады.

Психолінгвистика заңдылықтарына сүйеніп, сөйлеудің астарын, грамматикалық бірліктердің жұмсалып мақсатын кодтау, декодтау тұрғысынан анықтаймыз. Біз қарастырған модалді құрылымдардың да мәтін аясындағы семантикалық жүйесін нақтылау үшін, осы негізге сүйене отырып талдауға болады. Модалді мағынаны декодтау – өте күрделі құбылыс. Бұл – шығармадағы әлеуметтік жағдай, субъектаралық қарым-қатынасты есепке ала отырып сипатталатын грамматикалық ерекшелік. Декодтауды жүзеге асыру үшін, кодтаудың құрылымын игеретіндей ақпараттық кеңістікпен таныс болу - негізгі шарт.

Декодтауға тірек болатын субъектаралық әлеуметтік қарым-қатынастың қалыптасуы да күрделі. Мұндай қарым-қатынасты тұтас шығарма деңгейінде сипаттап, ал әрекетті мағыналық жақтан бір-біріне тәуелді мәтін деңгейінде ажыратамыз. Коммуникативтік қарым-қатынас, әрекет ішкі байланыста дамиды. Яғни, қарым-қатынас субъектаралық әрекеттен сараланады. Бұлар бірін-бірі толықтыру сипатындағы белгілермен өлшенеді.

Ал субъектаралық әрекеттің, қарым-қатынастың сырын контекстаралық байланыстың негізінде түсінеміз. Төмендегі бұйрықты сөйлемдердің жұмсалып мақсатын жоғарыда айтып өткен субъектаралық қарым-қатынасты ескерген жағдайда ғана өз орнымен қабылдаймыз. Бұйрық берудің өзінде де субъектілердің қарым-қатынасы ескерілген жағдайда астарлы модалді реңктің бояуы бірінде жағымсыз көзқараспен, екіншісінде жағымды көзқараспен астарласып, өзгеше сипат алып, түрленеді. Мәселен, бұйрық райдың III жақ жұрнақтарынан жасалған төмендегі үзінділердің модалді реңкі тең емес. Бірінде Тәкежанға айтқан наразылық, екіншісінде Дәркембай сияқты кедейлерді паналатқан Абай бұйрығының астарында ішкі құптауы көрініс тапқан. Мысалы: *Абай Ерболдан Тәкежанға сәлем айтты: Қумасын! Қазынасын жемейді! Мынаның аз ғана малына жайылыс берсін және Жұмағұлды тыйсын!* – деді (М. Әуезов).

...Абай бір жұмысты жайғады да, енді Дәркембайды қасына шақырды.

- Дәркембай сенің екі жолдасың осы қойдың қасында болсын. Айрылмайды.

Ал өзің дереу мынау атқа, мына жер қорығыш Тәкежанның атына мін де, қазір шапқылап отырып осы маңдағы өзіңдей ауылдарға хабар айт. Мен жіберді де! Шыңғысқа жете алмай, осы жақын маңда қойлары аштан бұралып, қырылып жатқан ауылдар тегіс жүруге жарайтын қойларын алып, азаматтарын сайлап, дәл осы үш қорыққа, Құнанбай қорығына айдап келсін! (М. Әуезов). Екі контексте де бұйрықты сөйлемдер бұйыру қызметін атқарған. Бірақ бірінші мысалда бұйырудың астарынан наразылық, қарсылық сезілсе (бұл контексте Абай мен Тәкежан арасындағы қарым-қатынас астары ескеріледі), екіншісінде бұйырудың астарында субъектаралық қолдау, түсінісу, құптау модалді мәндері ашылады (бұл жағдайда Абай мен Дәркембай арасындағы қарым-қатынасқа мән беру қажет). Оның сырын тұтас мәтінде суреттелген жағдаятқа сүйеніп, субъектаралық қарым-қатынас астарымен бірлікте қараудан саралаймыз.

Осындай субъектаралық қарым-қатынас деңгейінде сипатталатын модалді мәнді декодтаудың қиыншылығы да бар. Өйткені бұл үрдіс тұтас шығарма бойындағы кодтау мәселесімен қабаттасады. Кодтау – бірнеше қабатты күрделі құрылым. Оның грамматикалық

сипаттамасын И.В. Арнольд: «Кодом называется система знаков и правил их соединения, позволяющая передать сообщение по заданному каналу», - деп саралаған [13,66].

Ал декодтау ішкі кодтардың құрылымына ой жүгіртіп, семиотикалық бірліктердің қызметін атқаратын контекстаралық жікті салыстыру, оларды бір-бірімен байланыстыру сияқты үздіксіз сабақтастыруды қажет ететін талдаулар негізінде жүзеге асырылады. Субъектілердің өзара қарым-қатынас, әрекетімен байланыстырмасақ, белгілі бір үзіндіде орын алған модалді мағынаны өз мәнінде, өз мақсатында талдай алмас едік (өйткені контексте грамматикалық құрылымдар көп функциялы қызметімен ерекшеленеді). Әрине, құрылымдық синтаксис бойынша бұл бірліктердің құрамындағы тірек сөздер көмегімен, контекстік семантика шеңберіндегі сөйлемдердің байланысынан модалді мағынаны ажыратқанмен (кейбір жағдайда ғана), оның мотивіне талдау жасай алмаймыз. Мәселен, кодтаушы, декодтаушы контекстаралық байланысты ескермесе, төмендегі сөйлемдерде орын алған субъекті өкінішінің ішкі мотиві, астары түсініксіз, беймәлім қалыпта қабылданар еді. Мысалы: *Әңгіме осылай аяқталып, жатар мезгіл жетті. Малқар жеке бөлмеде, Балқияның қасында, құс төсектің үстінде, ойдан әлі арыла алмай жатып: - О, тәңірі, енді Шөгелдің тілеуін тілеттің бе?!- деп, ауыр күрсініп қалды* (Ғ. Мұстафин). Бұл мәтінде орын алған модалді мәнді декодтаушы төмендегі контекстен ажырата қолдану тіпті мүмкін емес. Бұл жағдайда модалді мәнді ажырататын синтаксистік бірліктердің семантикасына нұқсан келетінін ескеру қажет. Мысалы: *Күн ұзын тулап Малқар жуасып қалған екен, ыршыған жоқ. Ішінен қынжылса да, сыртымен қуанғансып жатыр: - Шөгелім тұрғанда, кімге берем?- деді. Өз басымен әуре болып, бықсып отырса да, феодал Малқар әлі мығым. Мығым болатыны – қолынан мөр кеткенмен, әзір ел кетпейді. Сондықтан болашақ кедей болыстың онымен санаспасақ амалы жоқ* (Ғ. Мұстафин).

Осындай талдаулар негізінде ғана контекстаралық байланыс тізбегінен модалді реңкті қалыптастыратын ішкі тіректердің құрылымына, қызметіне еркін бойлап, әрбір синтаксистік құрылымның мақсатқа сай функциясын дәл анықтаймыз. Нақтылай айтсақ, кодтаушы, декодтаушы контекстердің ішкі құрылымымен толық таныс субъекті ғана белгілі бір модалді реңкті жеткізуге негіз болған семиотикалық белгілердің жұмсалыу мақсатын дәл ажыратып, кодтау, декодтау сатысынан өтеді.

Тілдік деректерді негізге алып талдасақ, модалді реңкті декодтайтын контекстер үш орында көрініс береді:

1. алдыңғы орында;
2. соңғы орында;
3. ілеспелі орында.


Модалді реңкті декодтауға негіз болатын тірек мәтіндер алдыңғы орыннан белгілі болса, контекстік семантика шеңберіндегі синтаксистік бірліктердің жұмсалыу мақсатын, интонациялық ырғағын ажырату қиындық тудырмайды. Мұнда ақпаратты қабылдаушы алдын ала субьектаралық әрекетті, қарым-қатынасты салыстыра саралап, әр қолданыстың ішкі мазмұнын дәл декодтап отырады. Психолингвистикалық бағытта пайымдасақ, ақпаратты түсіну, мағыналық байланысты жүйелеу кілтіне алдын-ала ие болады. Мысалы: *«Айт, ендеше, бұның мендегі сөзін. Жүр былай!» - деді Құнанбай* (М. Әуезов) сөйлемінде орын алған субьектаралық наразылықты талдау алдыңғы контекстерде орын алған кодтармен құрылымдық байланыста шешіледі. Бұған Құнанбай бастаған топтың Қодарға қарсы әрекеті, Дәркенбай мен Құнанбай арасындағы қарым-қатынасты суреттеген декодтаушы контекстер тірек болады.

Сонымен, сөйлеуде орын алатын модалді мағынаны декодтаудың тірегі болып табылатын контекстердің орналасу тәртібін төмендегі суреттермен көрсетуге болады. Көрсетілген 3-сурет модалді мағынаны анықтауға тірек болатын контекстің алдыңғы орнындағы көрінісіне сәйкес келеді.




3-сурет. Декодтаушы контекстің алдыңғы орындағы көрінісі

Көрсетілген 4-сурет модалді мағынаны анықтауға тірек болатын контекстің соңғы орындағы көрінісіне сәйкес келеді.



4-сурет. Декодтаушы контекстің соңғы орындағы көрінісі

Келесі 5-сурет модалді мағынаны ажырататын тіректің ілеспелі орнындағы көрінісіне сәйкес келеді.



5-сурет. Декодтаушы контекстің ілеспелі орындағы көрінісі

Субъективтік модалділікті контекст деңгейінде талдауда көзге түсетін ерекшелік – бір құрылым аясында бірнеше модалді мағынаның жарыса көрініс беруі немесе бір модалді мәннің контекстік сипат алуы. Модалді мәннің бұл қыры да оның грамматикалық құрылымын толықтырады. Ғылыми еңбектерге сүйеніп, бір модалді реңктің контекстік сипат алуын «мономодалді» терминімен дараласақ, бірнеше модалді мәннің бір контексте жарыса көрініс беруін «полимодалді» деп жіктеуге болады.

Халық психологиясы ғасырлардың жемісі, ол ғасырлар бойы қалыптасады, онда көңіл аударуға тұрарлық түрлі жайттар мен құбылыстар көп кездеседі. Соның ішінде кейбір сезімді, іс-әрекетті сөзбен айтпай-ақ, ыммен, қимылмен, ишарамен сездіретін түрлі іс-әрекеттер бар. Сондай әрекеттердің ішінде ымдау немесе ым көзбен, ауызбен, бет пішінмен берілетін дыбыссыз ишаралардан тұрады. Қазақ халқы іспен, күшпен, іс-қимылмен немесе пәтуалы бір ауыз сөзбен ғана емес, бет-пішіннің түрлі қозғалысқа түсуі арқылы, дене қимылдарымен-ақ ойын сездіріп, пікірін, ойын тыңдаушысына жеткізе білген. Тіпті, кей тұстарда, кей жағдайларда ойын жеткізуде ым мен ишарат тиімді болып кететін жағдайлар да болады. Бұл тек қазақ тілінде ғана емес, өзге тілдерде де қалыптасқан көңіл аударатын қызық жағдай. Сондықтан да: “Более того, установлено, что для выполнения некоторых функций параязык более пригоден, чем язык, сравнить: в обычном диалоге главное бремя фатической и конативной функции возлагается на кинетическую коммуникацию, что позволяет в один и тот же отрезок времени передать большую информацию, в виду большей лаконичности жестов по сравнению с речевыми элементами”, – деген пікірдің өзінен біраз жағдайды аңғаруға болады [7, 186].

Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады (М. Әуезов) дегенде, сөзбен жеткізуден гөрі екпіні қатты, алқымды алған ашу мен ашынуды *отты көздің жарқ етуі* мен *қадала қарау* арқылы жеткізу әлдеқайда оңтайлы, өте өтімді болып тұрғанын байқау қиын емес. Мұндай жағдайларда ауызша сөйлесу кезінде сөздің

артық көрінетіні, қажеті жоқтығы не болмаса жеткіліксіз болуының байқалатыны бар. Келтірілген мысалда бүкіл айтылар ой, айтайын деген сөз бір ғана көзқараспен-ақ жеткізіліп тұр. Бұл көзқараста қаншама экспрессия мен эмоция, сезім жатқанын қара сөзбен айту дәл мұндай әсерлі шықпас еді.

Сондықтан да, әсіресе, түрлі эмоцияны, әрқилы сезім-күйді жеткізу кезінде ауыздан шығатын сөзбен бірге түрлі қимылдар, бет-пішін өзгерісі қызметке кірісетіні көпке белгілі. Айталық:

- *Ашулану;*
- *қатты қуану;*
- *шаттану;*
- *ренжу;*
- *өкпелеу;*
- *ризалық таныту;*
- *мақұлдау, құптау;*
- *қарсыласу;*
- *жаратпау;*
- *жақтырмау;*
- *ұнату;*
- *кею;*
- *жадырау;*
- *жабырқау;*

▪ *жұбату* т.б. эмоцияның жасалуына бейвербалды амалдар еркін қатыса береді. Осы аталған сезім күйлері сияқты түрлі әрекеттер ақпарат жеткізудің, қарым-қатынастық хабарлама жеткізудің тілдік емес амалдары болып табылады, олар тілімізде көптеп кездеседі. Ондай амалдарды адам өз ойын, айтайын дегенін тілдік құралдармен жеткізу жетімсіздеу көрінгенде, болмаса сөйлеуші экспрессия үстемелегісі келгенде, жеткізілетін ақпаратының эмоциялық бояу-реңкін үстемелей түсу мен қоюлатуды мақсат еткенде кірістіреді. Осындай кезде сөйленіспен қатар ым мен ишарат жарыстыра орындала бастайды. Көбінесе ұлттық, жеке бір ұлтқа тән ым мен ишараттың сөйленіспен қатар өрілуі, қатарластыра орындалуы тілдік қарым-қатынас үстіндегі заңды, тіпті қажетті көрініс болып саналады. Сондықтан бейвербалды амалдардың жалпы адамзатқа ортақ түрлерінен гөрі ұлттық сипатпен қаныққан ым-ишараттардың мөлшері көп те, олардың салмағы алдыңғыларға қарағанда саны жағынан, мән-маңызы тұрғысынан, қолданыс жиілігі мен ақпараттың маңызы жөнінен де басым түсіп жатады.

Ым мен ишараттардың түрлері, таралу шеңбері әр түрлі. Ым-ишарат:

а) бірнеше ұлтқа ортақ болып келетін түрлері;

ә) ұқсас ым мен ишараттардың әр түрлі ұлттар тілінде мағыналары жағынан қарама-қарсы, бір-біріне жасалуы бір болғанымен, мағынасы мүлдем ұқсамайтын болып келетіндері кездеседі. Яғни, сөз мағынасының ерекшеліктері, мағыналарына тән белгілердің бәрі, атап айтқанда, синонимділік, антонимділік, омонимділік құбылыстар, олардың қатарында көп мағыналылық бар, бәрі де – бейвербалды элементтерге де жат болмайтынын айту жөн. Ал қазақ тіл білімінде бейвербалды элементтердің мұндай мағыналық ерекшеліктері мен қырлары осы күнге дейін арнайы зерттеу нысаны болмай келгені белгілі.

Бір ғана ымның я болмаса ишараның бірнеше мағынаны білдіретін кездері жиі ұшырасады. Бейвербалды амалдардың, оның ішінде ишара, ымның саны шектеулі, аз болатындықтан, семантикалық жақтан мағыналары нақтылықтан гөрі жайылыңқы болып отырады, нәтижесінде ым мен ишараттардың басым көпшілігі көп мағыналы болып келетіні сондықтан болар деп ойлаймыз. Бірақ ым мен ишараттардың көп мағыналылығы коммуникацияның өту жылдамдығын шабандатпайды және де тілдесім актісіне қатысушы

тараптардың бір-бірімен түсінісуін қиындатпайды, ақпарат жеткізуге кедергі келтірмейді. [8, 536].

Айталық, қарсылықты, келіспеушілікті бірнеше бейвербалды элементпен жеткізуге болады. Мысалы қарсылық: *қол сермеу; бас шайқау; қабағын түйіп, бас шайқау; орнынан үнсіз тұрып жалт бұрылып кету; қырын қарап отырып алу; екі қолының алақанын сыртқа қарата айқастыра ұстау*, т.б.

Келіспеу:

- *қырын қарап отырып алу;*
- *үндемей, жай бас шайқау;*
- *төмен қарап көзімен жер шұқу;*
- *кісіге тура қарамау;*
- *қол сермеу;*
- *екі қолының алақанын төмен қарата ұстап, қол сермеу;*
- *басын көтермей аяғымен жерді шұқу, т.б.*

мағыналары көптеп кездеседі. Осы санамаланған ым мен ишараттардың әрқайсысы қарсылықтан өзге де мағыналарды жеткізе алады. Орнынан тұрып кету қарсыласумен бірге: *сөзді тыңдағысы келмеуді; шыдамсыздықты, менсінбеушілікті; қажетсінбеуді; уақыты жоқтығын; кездесудің аяқталғанын; жүре тыңдаудың; көңіл қоймаудың*, т.б. да мағыналарды білдіреді.

Сес, айбат көрсеткісі келген адамның: *тістенуі; тісін қайрауы; саусағын шығаруы; саусағын безеуі; бүкіл денесін шалқайта ұстап шірене түсуі*, т.б. мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 3б
3. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 1968. – 180 б.
4. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
5. Мамаділов Қ.А. Қазіргі қазақ тіліндегі етістікті-модальдік құрылымдары. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 1996. – 24 б.
6. Виноградов В.В. Русский язык. – Москва, 1972. – 614 с.
7. Жанпейісов Е. Қазақ тіліндегі сөйлем модальділігі және оның жасалу жолдары // Қазақ ССР Ғылым акад. Хабарлары: Филология сериясы. – 1959 (1958). № 1-2. – 166-169 бб.
8. Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2002. – 53 б.
9. Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модалділігінің функционалды-семантикалық өрісі. – Алматы: Ценные бумаги, 2006. – 155б
10. Солганик Г.Я. Стилистика текста. – Москва: Флинта-Наука, 2003. – 256с.
11. Виноградов В.В. Избранные труды. Исследования по русской грамматике. – Москва: Наука, 1975. – 560 с.
12. Жақыпов Ж. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. – 159 б.
13. Оразалиева Э.Н. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. – 46 б.